

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қазақстан - Қытай" газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 709 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы»"Қазақстан - Қытай" газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Бақтықожа Салахатдинұлы Измұхамбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қазақстан - Қытай" газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ МЕН ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, бұдан әрі "Қазақстан тарапы" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және бұдан әрі "Қытай тарапы" деп аталатын Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісімді басшылыққа ала отырып, түркімен, өзбек және қазақстан газын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының аумақтарындағы жаңа газ көлігі қуаттары бойынша тасымалдау жөніндегі ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында,

Қытай тарапының Түркіменстанмен түркімен газын сатып алу туралы келісім жасасатынын, және оны Қазақстан Республикасының аумағы арқылы (бұдан әрі - ҚР) Қытай Халық Республикасына (бұдан әрі - ҚХР) транзиттік тасымалдауды көздейтінін

ескере

отырып,

Тараптардың магистральдық газ құбырларын бірлесіп жобалауда, салуда және пайдалануда жеткілікті тәжірибеге ие екендігін ескере отырып, осы Келісімнің мақсаттарын іске асыру үшін төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар газ тасымалдаудың қажетті көлемін және газ құбырының экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету шартымен ҚР-дан ҚХР-ға Қазақстан-Қытай газ құбырын (бұдан әрі - Газ құбыры) бірлесіп салуды жүзеге асырады.

Газ құбыры екі учаскеден тұрады:

бірінші учаске - Газ құбырының Өзбекстан Республикасы мен ҚР шекарасынан Шымкент (ҚР) арқылы ҚР және ҚХР шекарасына, ҚХР аумағындағы Хоргос пунктінің ауданына дейін қуаты жылына 40 (қырық) млрд. м<sup>3</sup> учаскесі (бұдан әрі - Бірінші учаске)

екінші учаске - Бейнеу - Бозой - Қызылорда - Шымкент газ құбырының қуаты жылына 10 (он) млрд. м<sup>3</sup> учаскесі (бұдан әрі - Екінші учаске);

Өзбекстан Республикасы мен ҚР шекарасындағы Бірінші учаскенің бастапқы нүктесі әзірленген техникалы экономикалық негіздеменің негізінде белгіленсін. Газ құбырының соңғы нүктесі Хоргос пунктінің (ҚХР аумағында) ауданы болып қ а б ы л д а н с ы н .

Тараптар Уәкілетті ұйымдарға Екінші учаскеге байланысты инвестициялардың негіздемесін әзірлеуді және Уәкілетті ұйымдар арасында Екінші учаске мәселелері бойынша жасалатын жеке келісімде (бұдан әрі - НПК) оның бағытын, қуатын және жобалық қаржыландыру сомасын айқындауды, сондай-ақ Екінші учаскенің операторын айқындауды қоса алғанда, Екінші учаскені салудың кезеңдігін келісуді тапсырады.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## 2-бап

Тараптар тиісінше Газ құбырын жобалау, салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру үшін бірлескен қызметке арналған мынадай ұйымдарды тағайындайды:

Қазақстан тарапынан - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ҚМГ) және/немесе ол тағайындаған аффилиирленген компания (лар),

Қытай тарапынан - қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы (бұдан әрі - ҚҰМК) және/немесе ол тағайындаған аффилиирленген компания (лар),

бұдан әрі - Уәкілетті ұйымдар деп аталады.

Уәкілетті ұйымдарды ауыстырған жағдайда Құзыретті органдар дереу бұл туралы

дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне хабарлайды және тиісті құқықтық мирасқорлықты қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

### 3-бап

Тараптар ҚР мен ҚХР-дың тиісті құзыретті органдарымен келісу үшін Уәкілетті ұйымдарға ИН бойынша бірлескен түпкілікті есепті дайындауды тапсырады.

Тараптар жобалық шешімдерді одан әрі оңтайландыру үшін тиісті шаралар қабылдайды.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### 4-бап

Тараптардың міндеттемелері:

Әр Тарап осы Келісімде көзделген Газ құбырын жобалау, салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыруды қолдайды және оны жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Тараптар Газ құбырын салу және пайдалану үшін қажетті және қолайлы жағдайлар жасау және қолдау, өзара тұрақты ақпарат алмасуды ұйымдастыру және Газ құбырындағы төтенше, оның ішінде трансшекаралық сипаттағы жағдайлар туралы жедел хабарлау мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптар жер сілкінісі немесе өзге де төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Газ құбырының орнықты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

Қазақстан тарапының міндеттемелері:

ҚР заңнамасында көзделген рәсімдерге сәйкес ҚР аумағы бойынша транзиттік газдың осы Келісімде көзделген көлемін еркін және кедергісіз тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

басқадан бұрын, қоршаған ортаны қорғау туралы ҚР заңнамасында көзделгендерді қоса алғанда, Газ құбырын салу және пайдалану үшін ҚР заңнамасы бойынша талап етілетін жерге қажетті құқықтарды, рұқсаттар мен лицензияларды ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге жәрдемдесу;

Екінші учаске жобасын іске асыру үшін ҚР-да құрылатын ұйыммен жобалық қаржыландыру үшін қажетті Екінші учаске бойынша газ тасымалдау туралы келісім (келісімдер) жасасу үшін Қазақстан тарапы Уәкілетті ұйымының немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясының (аффилиирленген компанияларының) Екінші учаскенің өзін-өзі ақтау мерзімінен кем емес кезеңде "тасымалда немесе төле" ("ship or pay") принципі бойынша жылына 5 млрд. м<sup>3</sup> газды беруін қамтамасыз ету, бұл ретте Қазақстан тарапы мұндай келісімнің (келісімдердің) орындалуын қамтамасыз етудің қолайлы тәсілдерін ұсынады;

Қытай тарапының Уәкілетті ұйымына немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясына (аффилиирленген компанияларына) тиесілі газ көлемдерін "Бұхара - Орал" магистральдық газ құбырының учаскесі бойынша 13-компрессорлық станциядан "Бозой" компрессорлық станциясына дейінгі бағыт бойынша Екінші учаскеге және Бірінші учаскеге жеткізу үшін тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

"Өріктау" газ конденсаты кен орнына арналған жер қойнауын пайдалану құқығының Қазақстан тарапының Уәкілетті ұйымы (немесе Қазақстан тарапы Уәкілетті ұйымының аффилиирленген компаниясы) Қытай тарапының Уәкілетті ұйымымен (немесе Қытай тарапы Уәкілетті ұйымының аффилиирленген компаниясымен) бірлесіп құратын бірлескен кәсіпорынға берілуін қамтамасыз ету.

Қытай тарапының міндеттемелері:

ҚХР-дың құзыретті органдары газ шығатын елдегі газдың экспорттық бағасы тұрғысынан алғанда, бәсекелес баға шартымен Газ құбырының соңғы пунктінде қазақстандық Уәкілетті ұйымнан экспорттық қазақстандық газды сатып алуға қытайдың Уәкілетті ұйымына тапсырма береді;

Уәкілетті ұйымдардың ҚХР-дың ішкі нарығында қазақстандық газды өткізу жөніндегі бірлескен коммерциялық қызметін қолдау;

транзиттік мемлекеттердің аумағында өздерінің еркін қуаттарға деген құқықтарының шеңберінде ҚР-дың ішкі нарығына жеткізу үшін Қазақстандық тараптың осы мемлекеттердің аумағында сатып алатын немесе өндіретін газ көлемін тасымалдауға жәрдемдесу;

басқадан бұрын, қоршаған ортаны қорғау туралы ҚХР заңнамасында көзделгендерді қоса алғанда, Газ құбырын салу және пайдалану үшін ҚХР заңнамасы бойынша талап етілетін жерге қажетті құқықтарды, рұқсаттар мен лицензияларды ҚХР заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге жәрдемдесу;

Қазақстан тарапының Уәкілетті ұйымы және Қытай тарапының Уәкілетті ұйымы Екінші учаске жобасын іске асыру үшін ҚР-да құрылатын ұйымның жарғылық капиталына бір жолғы үлес ретінде 500000000 (бес жүз миллион) АҚШ долларынан енгізген жағдайда Екінші учаске жобасын іске асыру үшін ҚР-да құрылатын ұйымға НПК-ге сәйкес Екінші учаскені салу үшін жобалық қаржыландыруды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **5-бап**

Тараптар Газ құбырының құрылысын жедел іске асыру үшін күш-жігерін жұмсайды . Бірінші учаске құрылысының жоспар-кестесі жобалық-сметалық құжаттама (ЖСК)

нәтижелерінің негізінде бекітілетін болады.

Тараптар Уәкілетті органдарға Бірінші учаскенің құрылысын 2009 жылдың аяғына дейін аяқтауды қамтамасыз етуді тапсырады.

Тараптар Екінші учаске құрылысы оның негізділігін экономикалық бағалау көрсеткен кезде іске асырылады деп уағдаласты.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **6-бап**

ҚР табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын құзыретті мемлекеттік органы ҚР табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес, газ тасымалдау және пайда табу мүмкіндігі бойынша шығындарды ескере отырып, ҚР аумағында тұтыну үшін Бірінші учаске бойынша газ тасымалдауға есептелген тарифті бекітеді.

Транзиттік газды Бірінші учаске бойынша ҚР аумағы арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер тарифі және экспорт мақсаттары үшін газды Бірінші учаске бойынша ҚР аумағы арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер тарифі жүк жөнелтушілер және Бірінші учаскенің меншік иесі арасындағы шарттық негізде айқындалады.

Табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын ҚР-ның құзыретті мемлекеттік органы ҚР табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес ҚР аумағында тұтыну үшін Екінші учаске бойынша газды тасымалдауға, экспорт мақсаттары үшін газды Екінші учаске бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтерге және басқадан бұрын тартылған қарыздарды қайтаруды, салықтарды, алымдар мен бюджетке төленетін өзге де төлемдерді және пайда табу мүмкіндігін қоса алғанда, Екінші учаскені салу мен пайдалануға арналған шығындарды ескере отырып, транзиттік газды Екінші учаске бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтерге есептелген бірыңғай тарифті бекітеді.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **7-бап**

Тараптар Уәкілетті ұйымдарға Газ құбыры құрылысының мақсаттары үшін ұсынылған қажетті кепілдендірілген көлемнің негізінде жобалық қаржыландыруды ұйымдастыруды тапсыруға келісті.

Қытайдың Уәкілетті ұйымы қаржы тартудың, оның ішінде жоғарыда көрсетілген кепілдіктерді берудің негізгі принциптері, нысандары мен шарттарын Қазақстан-Қытай газ құбырын салудың негізгі принциптері туралы келісімде реттейтін болады.

Екінші учаскенің жобасын іске асырудың негізгі принциптері мен шарттары

НПК-де реттелетін болады. "Өріктау" және "Жаңажол" кен орындарының газ ресурстары Екінші учаске бойынша тасымалдауға арналған шикізаттың негізгі көзі болуы мүмкін екендігін ескере отырып, НПК-де Уәкілетті ұйымдардың "Өріктау" газ конденсаты кен орнын игеру бойынша ынтымақтасуының принциптері мен негізгі шарттары, "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ мен оның аффилиирленген компаниялары өндіретін газға газ өндірудің коммерциялық орындылығын қамтамасыз ететін әділ нарықтық баға белгілеу тетігі, сондай-ақ "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ мен оның аффилиирленген компаниялары өндіретін газды ҚР Ақтөбе облысына жеткізу мүмкіндігі міндетті түрде қамтылуы тиіс.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **8-бап**

Уәкілетті ұйымдардың Бірінші учаскенің меншік иесі болып табылатын ұйымдағы қатысу үлестеріне тепе-тең Бірінші учаскенің құрылып жатқан қуаттарына қол жетімділік құқығы болады.

Бірінші учаскенің қуаты былайша бөлінеді:

жылына 30 млрд. м<sup>3</sup> - Қытай тарапының Уәкілетті ұйымы үшін;

жылына 10 млрд. м<sup>3</sup> - Қазақстан тарапының Уәкілетті ұйымы үшін.

Егер Бірінші учаскенің қолда бар қуаты мәлімделген газ келемін тасымалдауды қамтамасыз ете алмаса, Уәкілетті ұйымдар оның қуатын ұлғайту мақсатында Бірінші учаскеге тиісті техникалық қайта құруды жүргізу туралы мәселені немесе бірыңғай көліктік дәлізде жаңа газ құбырын салу мүмкіндігін қарайды.

Бірінші учаскенің қуатын ұлғайтуды Тараптар немесе Тараптардың бірі жүзеге асырады.

Бірінші учаске қуатының мұндай ұлғаюына Тараптардың бірінен келісім алынбаған жағдайда, Бірінші учаскенің қолда бар қуаты Бірінші учаскенің меншік иесі болып табылатын ұйымда қатысу үлестеріне тепе тең қайта бөлінетін болады.

Жоғарыда көрсетілген Бірінші учаске қуаттарының бөлінуіне сәйкес Уәкілетті ұйымдардың әрқайсысы Бірінші учаскенің өткізу қабілетін мынадай басымдықта пайдаланады:

1. Бірінші учаскенің технологиялық мұқтаждарына қажетті газды тасымалдау;

2. транзиттік және экспорттық газ көлемін тасымалдау;

3. ҚР ішкі нарығына газ жеткізу;

4. Уәкілетті ұйымдардың газды сатып алу-сатудың коммерциялық шарттары бойынша ұзақ мерзімдік негізде сатып алатын газ жеткізілімі.

Уәкілетті ұйымдардың немесе олардың аффилиирленген компанияларының Екінші учаскенің жобасын іске асыру мақсаттары үшін ҚР аумағында құрылған ұйымдағы



қатысу үлестеріне барабар Екінші учаскенің құрылатын қуаттарына қол жеткізу құқығы болады. Бұл ретте, Екінші учаскенің құрылатын қуаттарына қол жеткізуді осындай белуге қарамастан, Уәкілетті ұйым немесе Уәкілетті ұйымның ҚР ішкі нарығы үшін газ жеткізетін аффилиирленген компаниясы (аффилиирленген компаниялары) басым қол жеткізу құқығына не болады.

Екінші учаскенің өткізу қабілеті мынадай басымдықта:

1. Екінші учаскенің технологиялық мұқтаждарына қажетті газ тасымалдау үшін;
2. ҚР ішінде тұтынуға арналған газ жеткізу үшін;
3. ҚХР-ға экспорттық газ тасымалдау үшін;
4. ҚХР-ға транзиттік газ тасымалдау үшін пайдаланылады.

Осы Келісімде көрсетілген "тасымалда немесе төле" ("ship or pay") принципі бойынша Екінші учаске бойынша газ тасымалдау туралы келісімді (келісімдерді) орындау шеңберінде Екінші учаскенің Қазақстан тарапының Уәкілетті ұйымы немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясы іс жүзінде пайдаланбаған қуаттары болған жағдайда қуаттарды пайдаланудың басым құқығы Қытай тарапының Уәкілетті ұйымына немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясына тиесілі болады. Бұл ретте, Қытай тарапының Уәкілетті ұйымы немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясы осы басым құқықты пайдалану үшін Екінші учаске бойынша іс жүзінде тасымалдайтын газ көлемдері және үшінші тұлға (үшінші тұлғалар) Екінші учаске бойынша іс жүзінде тасымалдайтын газ көлемдері Қазақстан тарапының Уәкілетті ұйымы немесе осы Уәкілетті ұйымның аффилиирленген компаниясы (аффилиирленген компаниялары) осы Келісімде көрсетілген жылына 5 (бес) млрд. м<sup>3</sup> газ беру жөнінде қабылданған міндеттемелерді орындауы үшін тасымалданатын газ көлемдері ретінде ескерілетін болады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **9-бап**

Әр Тарап өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Газ құбырын салу және пайдалану үшін негізді түрде қажет болатын, әділ, ашық, талап қоятын күші бар және коммерциялық шарттармен нақты айқындалған жерге деген осындай құқықтардың берілуін және қолданылуын қамтамасыз етеді.

Тараптардың бірде-бірі Газ құбыры арқылы тасымалданатын газға меншік құқығына үміттенбейді.

## **10-бап**

Газ құбырының құрылысы толық аяқталғанға дейін Бірінші учаске жобасын іске асыру мақсатында ҚР аумағында құрылған ұйымға және Екінші учаске жобасын іске

асыру мақсатында ҚР аумағында құрылған ұйымға ҚР заңнамасының нормалары және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бөлігіндегі өзге де ережелер қолданылмайды. Бұл ретте, өзге шарттар тең болған жағдайда, қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің мейлінше көп пайдаланылуын қамтамасыз е т у қ а ж е т .

**Ескерту. 10-бап жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **11-бап**

Тараптар мына мәселелер бойынша жәрдем көрсетеді:

- ҚР заңнамасына сәйкес Бірінші учаскені салуға қажетті жабдықтардың, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кедендік баж салығын салудан толық немесе ішінара босату түрінде кедендік жеңілдіктерді алу;

- Бірінші учаскені салу үшін ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте және көлемде салық төлеуден босату түрінде кедендік жеңілдіктерді алу.

Екінші учаске жобасын іске асыру мақсатында ҚР аумағында құрылған ұйым Екінші учаскені салуда пайдалану үшін Екінші учаскені салудың өндірістік процесіне тікелей байланысты және ҚР Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес ҚР аумағына әкелінетін, акцизделетіндерді қоспағанда, тауарларға, материалдар мен жабдықтарға салынатын кедендік баждарды, кедендік алымдарды және қосылған күн салығын төлеуден б о с а т ы л а д ы ;

Тараптар Екінші учаске жобасын іске асыру мақсатында ҚР аумағында құрылған ұйымды Екінші учаскені салуға тартылған қарыз қаражатын қайтару аяқталған күнге дейін корпорациялық табыс салығын және мүлік салығын төлеуден босатуға келіседі.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **12-бап**

Осы Келісімнің ережелерінің орындалуын үйлестіруді және бақылауды мына мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады:

Қазақстан тарапынан - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі,

Қытай тарапынан - ҚХР-дің Дамыту және реформалар жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і ,

бұдан әрі жеке алғанда - Құзыретті орган,  
және бірлескен - Құзыретті органдар.

Құзыретті орган ауысқан жағдайда, Тараптар дереу бұл туралы дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін хабардар етеді.



## 13-бап

Тараптар Газ құбырының объектілерін жобалауға, қаржыландыруға, салуға, жеткізуге және пайдалануға беруге қатысты барлық техникалық-экономикалық және өзге де шешімдерді Тараптар ҚР заңнамасының ережелеріне, қолданыстағы мемлекеттік және өзге де стандарттарға, құрылыс нормалары мен ережелеріне, Газ құбырын салу және пайдалану кезіндегі сапа мен қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес бірлесіп қабылдайтындығы туралы келісті және уағдаласты.

Тараптар ҚР заңнамасының тәртібімен белгіленген, ҚР аумағында қолдану үшін қабылданған халықаралық стандарттардың егер олар ҚР-да қолданылатын талаптар мен нормаларға, стандарттарға қайшы келмесе және төмен болмаған жағдайда қолдануға жарамды екендігі туралы келіседі.

Газ құбырының объектілерін пайдалануға қабылдаудың бірыңғай рәсімдерін қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қолданылатын Тарап мемлекеттерінің қабылдау комиссияларының актілерін мойындайды және Газ құбырында бірыңғай технологиялық байланысты жүргізу мен қамтамасыз ету кезінде жәрдем көрсетеді.

Тараптар қажет болған жағдайда Бірінші учаскенің құрылысы аяқталу сәтіне қарай оны пайдалану мәселелері бойынша жеке келісім жасасады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## 14-бап

Осы Келісім бойынша міндеттемелерді Тараптардың бірінің орындауы үшін кедергі тудыратын жағдайлар туындаған жағдайда, Құзыретті органдар туындаған кедергілерді жеңу үшін және осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өзара қолайлы шешімдерді қабылдау мақсатында тиісті консультацияларды өткізеді.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде және/немесе қолдануда Құзыретті органдар арасындағы консультациялар арқылы жойылуы мүмкін емес келіспеушіліктер Тараптар арасында тиісті хаттамаларды ресімдеумен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

## 15-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Тараптар Уәкілетті ұйымдардың Газ құбырын салу жобасын іске асыруға қатысудан туындайтын міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

Бұл ретте Тараптар Уәкілетті ұйымдардың Газ құбырының объектілерін салу және

пайдалану шеңберінде өз міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

## 16-бап

Осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін және жеке хаттамалармен ресімделеді.

## 17-бап

Осы Келісім 33 (отыз үш) жыл мерзімге жасалады.

Осы мерзімнің аяқталуы бойынша егер Тараптардың бірде-бірі басқа Тарапты Келісімнің қолданылуының кезекті кезеңі біткенге дейін кем дегенде алты ай бұрын оның қолданылуын тоқтату туралы өз ниетін жазбаша хабарламаса, ол автоматты түрде әрбір кейінгі жылға ұзартылатын болады.

Осы Келісім күшінің тоқтатылуы оның қолданылу кезеңіне осы Келісім шеңберінде жасалған шарттармен (келісім-шарттармен) көзделген міндеттемелердің орындалуын қозғамайды.

## 18-бап

Осы Келісім Тарап мемлекеттерінің заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін бөлікте қол қою күнінен бастап уақытша қолданылады.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша нысанда соңғы хабарламаны Тараптар алғаннан кейін күшіне енеді.

Астана қаласында 2007 ж. 18 тамызда әрқайсысы қазақ, орыс және қытай тілдерінде , бірдей күші бар екі данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.15 N 1592 (2009.10.14 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қытай Халық Республикасының*

*Үкіметі үшін*